

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 19 қаңтардағы №1/1-62 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-884 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-884 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмір 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

1.	Нурбакимов Канат Молдакимович, Нурбакимова Нурия Жасталаповна	20-314-046-051	Геолоттар көшесі, 2	Жалпы - 1,4233 иеліктен шығарылатын ауданы - 1816
», реттік нөмірі 13 жолы алынып тасталсын. 2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құрал-дарында жариялауды қамтамасыз етсін. 3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын. 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.				

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 19 қаңтардағы №1/1-63 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1) 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару-дың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

36.	Султанов Хаджимурат Аюханович	20-311-041-478 (20-314-016-249)	Сейфуллин даңғылы, 469/1, 3-пәтер (Сейфуллин даңғылы, 473, 3-пәтер)	
-----	-------------------------------	---------------------------------	---	--

2) 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару-дың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 68 жолы алынып тасталсын;
3) 2024 жылғы 15 қазандағы №4/530-2065 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару-дың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасы:
реттік нөмірлері 1, 2 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

1.	Полякова Татьяна Анатольевна	20-321-034-238	Алатау ауданы, «Шаңырақ-1» шағынауданы, Өтемісов көшесі, 164	0,1000
2.	Абрамова Юлия Борисовна	20-321-034-164	Алатау ауданы, «Шаңырақ-1» шағынауданы, Өтемісов көшесі, 166	0,1000

4) 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №4/530-2758 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару-дың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 24 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

24.	Муминова Екатерина Арибжановна, Семак Мария Арибжановна	20-313-033-069	Лебедев тар көшесі, 8-үй	жалпы - 0,0499 үлесі - 0,0100
-----	---	----------------	--------------------------	-------------------------------

5) 2024 жылғы 27 шілдедегі № 3/470-1036 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою-ға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 9 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

9.	Милотина Татьяна Константиновна	20-322-028-389	«Қарағайлы» шағынауданы, Тәжиев көшесі, 111	жалпы - 0,1980 үлесі - 0,1160
----	---------------------------------	----------------	---	-------------------------------

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құрал-дарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 19 қаңтардағы №1/1-64 қаулысы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес және «Алматы қаласы құрылыс басқармасы» комму-налдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №47.4-47.07/2070-ІІ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 29 қазандағы №4/675- 1313 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті алып қоюға байланысты жер учаске-лерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулысына сәйкес жүргізілетін жер учаске-лерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.
2. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) аталған қаулыны «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» коммер-циялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалына мәлімет үшін жолда-сын;
2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынба-сарына жүктелсін.
Алматы қаласының әкімі
Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 19 қаңтардағы №1/1-65 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес және Алматы қаласы прокуратурасының 2025 жылғы 18 желтоқсан-дағы №2-17-25-49120 наразылықтың негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі №3/373-1829 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті алып қоюға байланысты жер учаскесін мәж-бүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулысына сәйкес жүргізілетін жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.
2. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) аталған қаулыны «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалына мәлімет үшін жолдасын;
2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
Алматы қаласының әкімі
Д.САТЫБАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 87-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 «Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 4-тарауына сәйкес, «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын кеңейтуге табиғи-ғылыми негіздеме» жобасы бойынша Ұлттық қоршаған орта және табиғи ресурстар жай-күйі туралы деректер банкінің ақпараттық жүйесінде қоғамдық тыңдауларды жария талқылау нысанында өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар 2026 жылғы 28 қаңтардан бастап 20 жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің https://ndbecology.gov.kz/ порталында өтеді.

Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген мерзім ішінде https://ndbecology.gov.kz/ порталы арқылы немесе Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының электрондық поштасына ecology@almaty.gov.kz жолданады. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар қаралмайды.

Бастамашы: «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Сүртібаев көшесі, 1/1, БСН 960540000718, тел.: 8 (7272) 297-07-72, e-mail: alatauipark@mail.ru.

Жобалаушы: «Қашықтықтан зондтау және ГИС «Терра» орталығы» ЖШС, тел.: +7 (727) 236-08-74, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктөбе» шағынауданы, Роза Бағланова көшесі, 83-үй, БСН 990240008036, e-mail: info@gis-terra.kz.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-88, e-mail: ecology@almaty.gov.kz.

Жоба Ұлттық деректер банкінің порталында және жергілікті атқарушы органның ресми сайтында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476 («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде).

«Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінің маңыздылығы және әкімшілік құқық бұзушылықтар, оларды жасаған адамдар, олар бойынша қабылданатын шешімдер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық нысанда жүргізу

Қазіргі қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Осы міндеттерді тиімді жүзеге асыруда әкімшілік іс жүргізу жүйесінің ашықтығы, жеделдігі және әділдігі ерекше маңызға ие. Қазақстан Республикасында енгізілген «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесі (ӘІБТ АЖ) әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізуді заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отыр.

ӘІБТ АЖ – әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді есепке алу, тіркеу, қарау және бақылау процестерін толықтай автоматтандыратын бірыңғай электрондық платформа. Бұл жүйе барлық уәкілетті мемлекеттік органдар үшін ортақ жүйе болып табылады және әкімшілік іс жүргізуді бірыңғай стандарттарын қалыптастырады.

Аталған жүйенің басты маңыздылығы – әкімшілік процестердің ашықтығын, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін күшейту болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, жеке, лауазымды немесе заңды тұлғалардың заң талаптарын бұзатын кінәлі әрекеті немесе әрекетсіздігі танылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар қоғамдық тәртіпке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, меншікке, мемлекеттік басқару тәртібіне және басқа да қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді.

ӘІБТ АЖ құқық бұзушылық жасаған тұлғалар туралы барлық мәліметтер нақты әрі толық түрде электрондық форматта тіркеледі. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қабылданатын шешімдер, әкімшілік іс жүргізу барысында, уәкілетті орган немесе лауазымды тұлға істің мән-жайын жан-жақты зерттей отырып, тиісті шешім қабылданғанын бақылап отырады.

Қабылданатын шешімдердің негізі мыналар болып табылады:
• әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы (айыппұл, ескерту, арнайы құқықтан айыру және т.б.);
• әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы шешім;
• істі соттың қарауына жолдау туралы қаулы.

Аталған шешімдердің барлығы ӘІБТ АЖ-де электрондық түрде тіркеліп рәсімделеді. Бұл қабылданған шешімдердің заңды күшіне енуін, орындалуын және қажет болған жағдайда қайта қаралуын қамтамасыз етеді. Әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық форматта жүргізу – уақыт талабына сай тиімді тетік. Бұл қағаз жүзінде жүргізілетін істерді азайтып, іс жүргізу мерзімдерін қысқартып, мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдетеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық форматта жүргізу келесі артықшылықтарды береді:
• деректердің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету;
• статистикалық және талдамалық ақпаратты жедел алу;
• сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету;
• азаматтардың өз істері бойынша ақпаратқа қолжетімділігін арттыру.

Сонымен қатар, электрондық жүйе әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жоспарлауға және құқық қолдану практикасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген, жеке немесе заңды тұлғалардың (лауазымды тұлғаның) қоғамға, мемлекетке немесе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына зиян келтіретін құқыққа қайшы әрекетін немесе әрекетсіздігін айтамыз. Мұндай құқық бұзушылықтарға жол қозғалысы ережелерін бұзу, қоғамдық тәртіпті сақтамау, санитариялық талаптарды орындамау, салық және экологиялық заңнаманы бұзу секілді әрекеттер жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтарды жеке тұлғалар, лауазымды адамдар, сондай-ақ заңды тұлғалар жасауы мүмкін. Әрбір құқық бұзушылық үшін жауаптылық құқық бұзушылықтың сипатына, ауырлығына және келтірілген зиянға байланысты белгіленеді.

Әкімшілік істерді қарау нәтижесінде уәкілетті органдар немесе сот өкілдері тарапынан мынадай шешімдер қабылданады:

• әкімшілік айыппұл салу;
• ескерту жасау;
• арнайы құқықтан айыру (мысалы, көлік құралын басқару құқығынан);
• әкімшілік қамалуға алу;
• әкімшілік істі қысқарту (құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайда).

Соңғы жылдары әкімшілік іс жүргізу саласында цифрландыру кеңінен енгізіліп, әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық форматта қарау тәжірибесі қалыптасты. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтеіп, шешім қабылдау процесінің ашықтығы мен жеделдігін арттыруға мүмкіндік беруде.

Әкімшілік жауаптылықтың басты мақсаты – жазалау ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың заңға деген құрметін қалыптастыру және қоғамда құқықтық мәдениетті арттыру болып табылады. Осы тұрғыда әрбір азамат заң талаптарын сақтауға, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға тиіс.

Заңдылықты сақтау – ортақ міндет. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу арқылы біз қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтып, құқықтық мемлекет қағидаттарын жүзеге асыра аламыз.

«Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесі – әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізуді цифрландыру арқылы заң үстемдігін нығайтуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды құрал. Әкімшілік істерді электрондық нысанда жүргізу – құқықтық мемлекеттің дамуына жасалған маңызды қадам болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті. #заң_және_тәртіп

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 2 ақпаннан бастап «Almaty aqshamy» газетіне жеке және жеңілдетілген тариф бойынша баспа құны негізінде редакция арқылы жазыла аласыздар. Газеттің әрбір санын редакциядан өзіңіз келіп алып отырасыздар.

Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А. Тарату және жарнама бөлімі.

Жазылу жұмыс күндері (дүйсенбі–жұма) редакцияның бухгалтериясында қолма-қол төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Жазылу кезінде жеке басын және әлеуметтік (жеңілдік) мәртебесін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Төлем жасалғаннан кейін бухгалтерия тарапынан жазылу мерзімі көрсетілген растайтын құжат беріледі.

Жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы:

- 1 айға – 640 теңге.
- 3 айға – 1920 теңге.
- 6 айға – 3840 теңге.
- 12 айға – 7680 теңге.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдетілген жазылу құны:

- ◆ 1 айға – 500 теңге.
- ◆ 3 айға – 1500 теңге.
- ◆ 6 айға – 3000 теңге.
- ◆ 12 айға – 6000 теңге.

Барлық сұрақтар бойынша тарату және жарнама бөліміне хабарласуларыңызға болады: **8 (727) 293-08-12. 8 (727) 293-08-25.**

Қоңыраулар жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМБАБАЕВ
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДҰУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.